«БЕКІТЕМІН»
Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы
Жанындағы "Қоғамдық келісім"коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____Джылкышиева Л.К.

Этносаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған бейнероликтерді түсіру

1. Әлеуетті жеткізуші этносаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған бейнероликтер туралы қысқа метражды фильм (клип) түсіруге сценарий жасауы керек. Клиптің ұзақтығы – 1- 3 минут, жеткізуші әңгімелесу үшін барлық 18 этнобірлестіктің тарихи жолын зерттеп, актерлерді таңдап, жалдап, клиптің жалпы суретін бөліп алуы керек, жеткізуші сонымен қатар жиынға қатысып, жұмыстарды бақылауды жүргізуі керек, Толық сценарийдің бәрі тапсырыс берушімен келісіліп, мақұлдануы керек. Роликтер Атырау қаласында және 7 ауданда түсіріледі. Мерзімі - шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 жұмыс күні

2. Әрбір видео роликті әзірлеу барысында қолданылуы тиіс:

- компьютерлік графика;
- мультипликациялық анимация;
- тақырыпқа сай суреттер;
- архив материалдары;
- лицензиялық қорлардан алынған музыка;
- сарапшылар пікірлерінің бейнетүсірілімі.
- видео фильмнің кадрдан тыс мәтіндерін мемлекеттік және орыс тілдерінде кәсіби диктор оқуы тиіс.

Дайын болған барлық материалдар тапсырыс берушінің меншігі болып табылады. Қандай да бір материалды тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға тиым салынады.

3. ӘЛЕУМЕТТІК ВИДЕОРОЛИК, КЛИПТЕРДІҢ ТАҚЫРЫБЫ

1. «Аталардан қалған сөз» атты қазақ халқының дана сөздеріне (мақал-мәтелдеріне) шолу жасау арқылы әртүрлі этнос өкілдерінің қатысуымен бейнероликтер топтамасы.

Этнос өкілдері елімізде тұрақтылықты нығайту, бейбітшілік, бірлік жайындағы қазақ халқының мақал-мәтелдерінің мағынасын қазақ тілінде түсіндіреді;

2. «Қазақ әдебиетінің тарланы» челленджі аясындағы бейнероликтер. Әртүрлі этнос жастары қазақ жазушыларының шығармаларынан үзінділерін оқиды.

3. «Этномәдени бірлестіктері жұмысының бір күні» атты қазақ тіліндегі бейнероликтер топтамасы. Этномәдени бірлестіктер өз қызметі туралы қызықты сюжеттер түсіреді.

4. Этномәдени бірлестіктердің өкілдері қазақ тілінде еліміздің көрікті жерлерін, елдімекендерінің тарихы, мифтері мен қызықты аңыздарын түсіреді.

5. «Бірліктің дәмі балдай» видеолар топтамасы. Әртүрлі этнос өкілдері түрлі тағамдар әзірлеп, ас әзірлеудің қыр-сырымен қазақ тілінде бөліседі.

6. Этномәдени бірлестіктердің ұйымдастыруымен жастарды қазақ халқы мен Қазақстан этностарының мәдениеті және тарихымен таныстыру мақсатында «Ұлы дәстүрлер рухы» атты бейнероликтер топтамасы;

7. Балалардың/адамдардың, жануарлардың, өсімдіктер әлемінің, т.б. өмірін сақтап қалуға бағытталған игілікті істермен шабыттандыратын «Біздің заманымыздың батырлары»/«Арамыздағы батырлар» сюжеттері.

8. Мемлекеттік қызметте, құқық қорғау органдарында, өрт сөндіру қызметінде және т.б. жұмыс істейтін батырлар туралы бейнероликтер сериясы *(олардың басты құндылықтары, отбасылары, жетістіктері және т.б.);*

9. «Біз әртүрліміз – біз теңбіз» сюжеті *(мемлекет пен қоғамның дамуына, еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген әртүрлі этностардан шыққан адамдардың өмірбаяны туралы).*

10. Қазақстан этностарының көрнекті қоғам қайраткерлерінің қатысуымен патриотизмге, достыққа, бірлікке, салауатты өмір салтына шақыратын «Жол» атты жарқын және ауқымды бейнематериалдар топтамасы *(өмірбаянына, жетістіктеріне, қызықты оқиғаларына және елге деген патриоттық сезімдеріне негізделуі қажет).*

11. Әртүрлі этнос өкілдері арасында отбасын құрған ерлі-зайыптылардың тату-тәтті өмірі бойынша қызықты әңгімелерінен бейнероликтер сериясы.

12. «Дүкендегі оқиға» әлеуметтік сюжет *(Басты кейіпкер дүкенге кіреді. Кейіпкер барлық тауарларды қазақ тілінде сұрайды. Бірақ сатушы түсінбейді. Осыдан кейін сатушы қазақ тілін меңгеру үшін Достық үйіне келеді. Ролик соңында сатушы келушілерге таза қазақ тілінде қуана қызмет көрсетеді).*

13. ҚР Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, әскеріміздегі әртүрлі этнос өкілдерінің қарулы күштерде қызмет өткеруі, сарбаздар арасындағы этносаралық достық туралы әсерлі әңгімелер бойынша сюжеттер түсіру.

14. ҚХА Достық елшілерімен сұхбат *(өзінің өмірбаяны туралы, ҚХА Достық Елшісінің жұмысы туралы, екіжақты қатынастарды дамыту мүддесінде Қазақстан Республикасы мен басқа да елдердің атқаратын функциялары туралы, қызықты оқиғалар туралы, ҚХА дамытатын халықтық дипломатия миссиясы туралы, өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы және т.б.).*

15. «Сіз үшін күнтізбедегі басты күн» әлеуметтік сюжеті. Атаулы күндерді немесе іс-шараларды мерекелеу шеңберінде бейбітшілік, келісім құндылығын, қонақжайлылық, Қазақстан халқының және отбасылық дәстүрлерді сақтап дамыту тақырыптарын ашатын отбасылар туралы сюжеттер (қазақ тілінде).

Әлеуметтік эксперимент шеңберінде бейнероликтер

1. Әлеуметтік эксперимент аясында кәсіби музыканттардың қатысуымен бейнероликтер түсіру *(сауда, ойын-сауық орталықтарында, әртүрлі этностар арасынан кез келген өтіп бара жатқан адамдарға белгілі бір аспапта қазақ композицияларынан үзінді орындайды, ойналатын композицияның атауын табу ұсынылады);*

2. Әлеуметтік эксперимент шеңберіндегі танымдық бейнероликтер сериясы *(көшеде жүрген адамдарға қазақ халқының мақал-мәтелдерінің бірінші бөлігі (қазақ тілінде) оқылып, оны жалғастыру ұсынылады);*

3. Әлеуметтік эксперимент шеңберіндегі танымдық бейнероликтер *(өтіп бара жатқан адамдарға Қазақстан тарихынан маңызды тарихи даталар мен мерекелер бойынша сұрақтарға жауап беру ұсынылады);*

4. Қоғамдық жерлерде түсірілетін әлеуметтік роликтер циклі *(кейіпкерлер кез келген сөздерді орыс тілінде айтады, ал өтіп бара жатқандар аудармасын қазақ тілінде айтуы керек);*

***

Әртүрлі этностардың қатысуымен түсірілген бейнероликтер Отанға – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, еліміздегі бейбітшілік пен келісім құндылықтарының маңыздылығына, қазақ халқының және Қазақстан этностарының мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеуге бағытталуы тиіс.

Бейнероликтер міндетті түрде қазақ дәстүрлерінің маңыздылығын, Отанға деген сүйіспеншілікті, қазақ тілін үйренуді, бақытты балалық шақты және т.б. суреттейтін оң бейнені қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Роликтер 2,5-3 минуттық, қызықты, жарқын, әртүрлі стильде және сюжетте болуы керек.